

**10 сынып**  
**I ТУР**  
**Эссе жазу**

1. Ш.Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» дастанындағы тарихи шындық.
2. «Аттанып едім көп үшін...» (Махамбет поэзиясындағы асқақ арман).
3. Ғылыми-технологиялық прогрестің адамзатқа әсері.

|  |                  |
|--|------------------|
| <b>Жазбаша жұмыс - эссе</b>  | <b>120 минут</b> |
| <p>Оқушылар берілген үш тақырыптың ішінен 1-еуін таңдайды. Ол тапсырмалар 50 ұпаймен бағаланады. Әр тапсырманың жауабы үшін бірдей сандағы балдар беріледі. Оқушылар өздері таңдаған тақырып бойынша құрамы 250-300 сөзден тұратын эссе жазады. Олимпиада оқушылардың таңдаған тақырыптарына сәйкес жүйелі және сенімді түрде аргументтер/қарсы аргументтер келтіру немесе әдеби білімдерін қолдана отырып эссе жаза алу қабілеттерін бағалайды.</p> <p>Оқушылар шимай парақты қолдана алады. Шимай парақты оқушы жұмыспен бірге тапсырады, бірақ тексерілмейді.</p> |                  |

*Эссені бағалау (50 ұпай)*

| <b>Критерий</b>    | <b>Дескрипторлар</b>   | <b>Ұпай</b>    |
|--------------------|--|----------------|
| Эссе мазмұны       | Эссе тақырыбының сәйкестігі, мағыналық тұтастық, ой байланысы, мазмұндаудың жүйелілігі   | 10             |
| Құрылымы           | Мәселені берілген тақырып аясында нақты дәлелдемелермен шешу, өзіндік тұжырымдардың берілуі  | 10             |
| Аргументтер        | Ұсынылған тезистердің сауатты дәлелдемелермен дәйектелуі, түрлі көзқарастардың берілуі, мәселеге қатысты дәйексөз, сандық деректер, ғылыми мәліметтерді қолдану мен дереккөздерді рәсімдеу талаптарының сақталуы | 10             |
| Тіл шеберлігі      | Ұғымдар мен құбылыстарды талдау кезінде салыстыру мен жинақтау тәсілдерін қолдана алу қабілеті, ойлау ерекшелігі, күтпеген пікір немесе сауал туындауына ықпал ету, пікірдің шынайылығы                          | 10             |
| Тілдік сауаттылығы | Мәтінде қазақ тілінің лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық нормалары, орфография мен пунктуация ережелерінің сақталуы  | 10             |
| <b>Барлығы</b>     |  | <b>50 ұпай</b> |